

## Казим ақын

### Балқар халқының кемеңгері қазақ жерінде жерленген еді

Үстіміздегі жылы Балқар халық поэзиясының негізін қалаушы, айтулы ақын Казим Мечиветің туғанына 150 жыл толды, осыған арнайы Кавказдан делегация келді, олар Ассамблеяның 15-сессиясына қатысты.

Казим ақын куғын-сүргін саясатымен еліміздің оңтүстігіне атбасын тіреп, қазақ жерінде бақилық сапарға аттанған. Айтулы азаматтың сүйегі 1999 жылы еліне, Қабарда-Балқар Республикасына жеткізіліп, қайта жерленді. Айтулы ақын туралы әңгімеміз сол кезде Қазақстан халқы Ассамблеясында қызмет жасаған, бүгінде еліміздің бірегей мәдени орталығына айналған «Атамекен» этно-мемиориалдық кешенінің директоры, педагогика ғылымының кандидаты Үмітхан Дәуренбекқызы Мұңалбаевамен өрбімек.



— Үмітхан Дәуренбекқызы, балқардың ардақты азаматының сүйегін еліне оралтуда жасаған қызметіңізді он жылдықты артқа салып, сол кездегі оқиғаны еске алсаңыз?

— Ұлтымыздың даралығы - оның дархандығында. Тағдыры тарихи саясаттың тәлкегіне түсіп, 1944 жылы жер аударылып, елінен, жерінен айырылған жандарды қазақ елі құшақ жая қарсы алды. Біз — сол қазақтың ұрпағымыз, сол халықтың түтінін түтетіп отырмыз. Сондықтан мен бұл кісінің өсиетіне қызмет жасадым деп емес, еліміздің алдындағы бір борышым деп білемін. Ұлтымыздың «Кең болсаң, кем болмайсың» деген ұлағатты сөзі бар. Осы сөзді үнемі жадымда сақтап, өмірімде де, қызмет бабында да

қолданамын. Қазақстан халқы Ассамблеясында қызмет жасап жүргенімде Үкіметпен бірлесе отырып, балқардың айтулы ақыны Казим Мечиевтің сүйегін еліне жіберуге себепкер болдым.

— **Елімізде осындай дара тулғаның жерленгені туралы мәліметті білетін адамдар бар шығар және оның сүйегін еліне оралтуға бастама жасаған сол елдің азаматтары ма?**

— Әрине, бұл бастамаға алдымен дарынды ақынның отандастары кірісті. Алғашында 1967 жылы мүрдесін сұрап, «кір жуып, кіндік кескен жеріне алып кетеміз» деп келген адамдарға Қаратал ауданының ақсақалдары ерекше сүйіспеншілікпен меймандарды қарсы алып, оларға дарын иесінің сүйегін бермеген. Ақсақалдар: «Ақынға осы жерден мәңгілік топырақ бұйырды, қазақелі оны елеусіз қалдырмайды. Қадірлеп, қастерлеп, жұма сайын құран бағыштап, ас береді. Бақилық болған адамның аруағын ма-заламандар. Достығымыз жалғасын тауып, бұл кісінің қабірі екі елдің достық көпірі болсын», — деп шығарып салыпты. Балқариядан келген адамдар ақын зиратын белгілеп, арнайы қоршау жасаған. 1999 жылы Қабарда-Балқар Республикасының Премьер-министрі Хусайн Чеченов Балқар ұлттық мәдени орталығына хабарласып, Л. Х. Хочиеваға хат жазады. Аталмыш хатты негізге алып, сол кездегі Үкімет басшысы Касым-Жомарт Кемелұлы Токаевқа ұсыныс жазылды. Ол кісі түсіністікпен қарап, осы істің он шешімін табуына тапсырма берді. Сүйегін алып кетуге арнайы әуе рейсімен көптеген меймандар келді. Олардың ішінде ақынның немересі де бар еді.

— **Тұрғындар сол жолғы меймандарды қалай қарсы алды ?**

Ол жолы да қонақтарды құшақ жая қарсы алды. Өйткені бұл жағдайда қазақ халқының дархандығын ерекше атап айтқым келеді. Ол кісінің сүйегін елімізден алуға дипломатиялық тұрғыда рұқсат етілген болатын. Меймандарды қарсы алу барысында Алматы қаласындағы «Достық үйінде» Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Павел Атрушкевичтің бастамасымен барлық мәдени орталықтар өкілдерінің қатысуымен Казим Мечиевтің туғанына 140 жыл толуына байланысты дөңгелек үстел ұйымдастырылған еді. Онда Казим Мечиевтің халқына жасаған қызметі мен қалдырған мұрасы, өмірі мен шығармашылығы әңгіме болды. Сонымен қатар келген делегацияның төрағасы ақын сүйегін алып кетуге ықпал жасаңыздар деп үндеу тастады. Әрбір мәдени орталық өкілі өз пікірін айтты. Татар-башқұрт мәдени орталығының төрағасы Мұрат Кәрімов, Шешен-ингуш мәдени орталығының төрағалары Сұлтан Оздоев пен Ахмед Мұрадов, Ұйғыр мәдени орталығының жетекшісі Фархад Хасанов, Күрд ассоциациясының президенті Нәдир Нәдилов, Түркімен мәдени орталығының төрайымы Гүлнәр Анакулеева сынды көрнекті азаматтардың пікірі бойынша атақты ақынның сүйегін тарихи Отанына оралту туралы шешім шығарылды.

Меймандарды Қазақстандағы Қарашай-Балқар ұлт өкілдері қарсы алды.

Қандастар өзара ыстық ықылас пен ерекше сағынышпен кездесті. Жер аударылып келген бауырларының қалжағдайларын білісіп, өте жылы, керемет кездесу болды. Олар ертесіне Талдықорғанға ат басын бұрды. Қаратал ауданына жеткенше жолдағы ауылдарға тоқтап, қандастарының жағдайларын біліп, сағынышпен шер тарқасты. Меймандарды Қаратал ауданының әкімі Роман Ким, әкім орынбасарлары ерекше қошеметпен күтіп алды. Балқар мәдени орталығы Көпе ауылындағы тұрғындармен бірлесіп Казим аруағына арнайы ас берді. Келген қонақтар ақын сүйегін қазып, әкелген сандыққа салып әкетті.

Айта кететін жағдай, келген қонақтар қазақ елінің ерекше құрметіне таң қалды.

Ауыл ақсақалдары арасында оның өлеңін жатқа білетін адамдар да бар екен. Қазақта Абайды қалай қастерлесек, Балқар ұлты Казим Мечиевті осылай қадірлейді екен. Сүйегін қазып алғаннан кейін ауылда жаңбыр жауды. Ақсақалдар мұны нұр жауды деп жақсылыққа жорыды. Тұрғындардың кейбірі оны қазақ елінің ақынмен қоштасуына балады.

— **Балқар ақынының өмірінен мәлімет бере кетсеңіз?**

— Казим балқардың биік таулы ауылы Шикіде 1859 жылы дүниеге келген.

Әкесі Беккі ел арасында ұста, қолөнер шебері болып танылған. Казим ауылдың жергілікті имамынан араб тілі мен грамматикасына ден қойып, білімін Безенгі ауылында жетілдіреді. Кейін ол Лескен медресесінде оқиды. Мұнда шарифат, ислам мәдениеті мен тарихын, география, астрономия, араб поэзиясы мен шығыс халықтары жырының қыр-сырымен танысады. Ауылына оралған Казим әкесінің ұстаханасында жұмыс жасайды. Бірақ діни сауаты бар азамат білім бұлағынан сусындауын тоқтатпай, үнемі ізденісте болады. Оны қызықтырған шығыс әдебиеті мен діни кітаптар болатын. Ақын үш мәрте қажылық сапарға барған. Сонымен қатар Таяу Шығысқа саяхатқа барады. Тағдырдың тәлкегіне түсіп, ардақты азамат қазақ еліне өзінің барлық отбасымен 1944 жылы жер аударылған. 1945 жылы ақын Алматы облысы, Қаратал ауданында 87 жасында қайтыс болған. Казим ақын өмірінің соңында «Мені қара тасқа айналдырсаңдар да, кіндік кескен жеріме жағдай болған кезде жеткізіндер», — деп өсиет айтқан екен. Казим Мечиевтің мысал өлеңдері халқына ақыл-парасат берген. Ал, еліне деген сүйіспеншілік өлеңдері халқына ерекше рух берген. Шығыс елдерін аралаған кездерде ауылына деген сағыныш өлеңдерін жазған.

Багдад посетил я, увидел Стамбул,  
Я в Мекке от тягот пути отдохнул,  
Но мне показалось, что вновь я родился,  
Когда возвратился в мой бедный аул.

Осындай өлең жолдарынан оның туған жеріне деген ыстық ықыласы мен патриоттық сезімдері байқалады. Туған жерін жанатқа айырбастамайтын ұлттық рухының биіктігін аңғарамыз. 1999 жылы Казим Мечиевтің мүрдесі өзінің өсиетіне байланысты екі елдің ынтымақтасқан келісімі бойынша еліне жеткізілді.

— Балқария мен Қарашайдан келген меймандар қазақ ұлтының дархандығына тәнті болды. Сүйегін қазуға «Миңгі тау» қоғамдық-аймақтық бірлестігі де атсалысты. Сол жолы ақынның атақдаңқына, халқының оған деген сүйіспеншілігі мен ыстық ықыласына куә болдым. Көздеріне жас алып, еліне құт оралғандай күй кешкенін көрдім.

— **Ақын сүйегін алып барын жатқанда қанда сезімде болдыңыз?**

— Біздің елде жерленген белгілі тұлғаның сүйегін алып бара жатқанда бір қасиетті дүниені кетіп бара жатқандай сезімде болдық. Ол біздің жерде тумаса да, осында дүниені салды, мәңгілік топырақ бұйырды. Оны қазақ елі қадірлеп, қастерлеп, арулап көмген. Ұшақпен сүйекті алып бара жатқанда, туған туысымнан айрылғандай күйде болдым. Ұшақ биікке көтерілгенде алып аруақ көтеріліп, қанатын көкке еркін керген қыранға айналғандай еді. Киелі жеріміздің құшағына енген аруақты шығарып салғанда, ортамыздан ойып алғандай болды. Қазақ жерінде осындай адамның жерленуі, оған үнемі ерекше ілтипатпен қарап, ауыл ақсақалдары құран бағыштап, ас беретін азаматын алып бара жатқанда мақтаныш пен өкініш қатар тұрды. Себебі өзге елдің ардақты азаматын қазақ елі қастерлеп, қадірлегенде дипломатиялық қатынаспен осылай етіп, алып кеткені өкінішті. Бұл тарих қазақ елінде осындай азаматтың тағдыры тарихымен ұштасып жатыр. Оны өсер ұрпақ білуге тиісті. Өз бабаларының дархандығын білгені жөн. Ал ақын ұрпағының міндеті — оның сүйегін туған топырағына жеткізу, соңғы өсиетін орындау. Біздің міндет аманатқа қиянат жасамау. Ақынның аманаты біздің елдегі ұрпаққа үлгі болуға лайықты. Қандай жағдай болмасын, еліме сүйегімді жеткіз деуі оның еліне деген сүйіспеншілігін, ұлттық рухының биіктігін білдіреді.

— **Айтулы істің оң шешімін табуда сіздің атқарған қызметіңіз жайлы қазіргі ҚР Парламенті Мәжіісінің депутаты Людмила Хисақызы Хочиева ерекше ілтипатпен айтып берді. Оның сізге деген алғысы шексіз екен. Кейінгі жылдары Қабарда-Балқар Республикасымен байланысыңыз жалғасты ма?**

— Осы іс барысында Людмила Хисақызы екеуміз бірлесіп еңбек еттік. Жұмылып жасаған жұмыстың арқасында іс оң шешімін тапты. Осындай істен кейін екеуміз өмірде жақсы сыйласатын кұрбыларға айналып кеттік. Ол Қабарда-Балқар Республикасымен тығыз байланыста жұмыс жасайды. Үстіміздегі жылдың 26-қазанында өткен Қазақстан халқы Ассамблеясының XV сессиясына қатысуға Кавказ елінен арнайы

хат жазып, 8 адам келді. Осы адамдардың сессияға катысуына Людмила Хисақызы зор үлес қосты. Олардың ішінде Әли Тотарқұлов, Өзейір Құрданов, Әбдулхалим Эльмезов деген азаматтар келді. Өзейір Дахирұлы өз сөзінде қазақ еліне деген сүйіспеншілігі мен алғысын білдірді. «Барлық мұсылман қауымының қасиетті жері Мекке мен Мәдине болса, жер аударылған адамдардың қасиетті де, құтты мекені осы - Қазақстан. Қиын-қыстау жылдарында қазақ халқының дархандығының арқасында аяқтарынан тұрып, ел қатарына ілікті. Осы жерде біздің еліміздің киелі азаматы жерленген. Оған көрсеткен қазақ ұлтының қадірі мен қасиетін ескеріп, Балқар мен Қарашай ұлты сәждеге бас игенде, Қазақстанның болашағы жарқын, жұртының аман болуын тілейді. Біздер сессияға катысумен қатар, қазақ еліне алғысымыздың шексіз екенін білдіруге келдік. Жүрек жарды алғысымызды айтып, күллі қазақ елінің алдында оның дархан жүрегі мен адалдығы, адамдығы алдында біздің ұлт басын иетінін айтқым келеді», — деді Ө. Құрданов.

Міне, қазақ елінің дархандығы ғасырлар бойы жалғасып келеді. Жылдар бойына елдің татулығы, бірлігі мен ынтымағын паш етіп, әлемге үлгі болардай шаралар атқарылуда. Әрбір қазақстандықтың ел алдындағы борышы

— тәуелсіз еліміздің береке-бірлігін жарастыру. «Береке басы — бірлік» дегендей, ынтымағымыз жарасып, көк байрағымыздың асқақтауына қызмет жасай берейік.

— Әңгімеңізге рақмет! Ісіңізге сәттілік тілеймін!

Әңгімелескен Айнұр Мақсатқызы.  
Астана. Президент және Халық.- 2010. - 12 ақпан. - № 7. - 3 б.